Эпидемияға қарсы республикалық төтенше комиссияның құрамы туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 578 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 554 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса берiлiп отырған Эпидемияға қарсы республикалық төтенше комиссияның құрамы бекiтiлсiн.

2. "Эпидемияға қарсы республикалық төтенше комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 1996 жылғы 3 маусымдағы N 685 қаулысына ( Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1996 ж., N 26, 215-құжат мынадай өзгерiстер енгiзiлсiн:

1) 2-тармақтағы "Қоса берiлiп отырған" деген сөздер өзгерiссiз қалдырылсын;

2) көрсетiлген қаулымен бекiтiлген, Эпидемияға қарсы республикалық төтенше комиссия туралы ережедегi:

5-тармақтың жетiншi абзацындағы "Қазақстан Республикасы Бiлiм, мәдениет және денсаулық сақтау министрлiгiнiң Денсаулық сақтау комитетi" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау iсi жөнiндегi агенттiгi" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақтағы "комитетiнiң" деген сөз "агенттiгiнiң" деген сөзбен ауыстырылсын;

3. "Эпидемияға қарсы республикалық төтенше комиссияның құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 1998 жылғы 28 сәуiрдегi N 389 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1998 ж., N 13, 107-құжат) 1-тармағының күшi жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнiнен бастап күшiне енедi.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң
2000 жылғы 14 сәуiрдегi
N 578 қаулысымен бекiтiлген

## Эпидемияға қарсы республикалық төтенше комиссияның құрамы

Құлмаханов Шалбай Құлмаханұлы - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің төрағасы, төраға

Бижанов Нұрахмет Құсайынұлы - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының бірінші орынбасары, төрағаның орынбасары

Омарова Мәриям Нұрғалиқызы - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің төрайымы, төрағаның орынбасары

Асқаров Альберт Мұхтарұлы - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметі бастығының орынбасары, хатшы

**Комиссия мүшелері:**

Алтынбеков Сейілбек Алтынбекұлы - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер департаментінің директоры

Атшабар Бахыт Бақиұлы - Қазақ чумаға қарсы ғылыми-зерттеу институтының директоры

Әбіқаев Нұртай Әбіқайұлы - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер бірінші вице-министрі

Бычкова Светлана Федоровна - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Соттық сараптама орталығының директоры

Дүрімбетов Еркін Ермекұлы - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бас дәрігері, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары

Жұмабеков Оңалсын Исламұлы - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары (келісім бойынша)

Кравчук Александр Васильевич - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің

Төтенше жағдайлардың алдын алу департаментінің директоры

Мырзахметов Асқар Исабекұлы - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі

Нүкенов Маратқали Ордабайұлы - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің төрағасы

Нұрбеков Қосбасар Болатбекұлы - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының бірінші орынбасары (келісім бойынша)

Отто Иван Иванович - Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі

Петров Валерий Викторович - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары

Сыпатаев Майдан Бегімбекұлы - Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясының бас дәрігері

Тұрсынқұлов Шахайдар Жорабекұлы - Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринарлық қадағалау департаментінің директоры

Цой Валерий Николаевич - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Санитарлық-эпидемиологиялық орталығының бастығы

Чакликов Тұрар Ескендірұлы - СПИД-тен сақтандыру және қарсы күрес жөніндегі республикалық орталығының бас директоры

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК